

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 14 мамырдағы N 435

"Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы N 3700 U973700\_  
Жарлығының 2-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі  
қ а у л ы е т е д і :

1. Астана қаласының әкіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан астана объектілерін қайта жаңартуға 150 (жүз елу) млн. теңге, оның ішінде қазақ және орыс драма театрларын қайта жаңартуға - 60 (алпыс) млн. теңгеден және облыстық тарихи-өлкетану мұражайын күрделі жөндеуден өткізуге - 30 (отыз) млн. теңге бөлінсін .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы-бақылау комитеті бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдалануына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі